



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

3. Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы. Нейролингвистикалық Бағдарламалауды қарым-қатынастың құралы ретінде зертеу//Сборник международной конференции студентов и молодых ученых Мир Науки. 17-19 апрель 2013 г., Алматы. -189.
4. Султанова МуяссарханТаирхановна. Нейролингвистическое программирование (НЛП) в медицине// Сборник международной конференции студентов и молодых ученых Мир Науки. 17-19 апрель 2013 г., Алматы. -36с.

ОӘЖ 159.9:796

**СПОРТТЫҚ ІС – ӘРЕКЕТТЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Марзен Адилхан Сауатбекұлы

Marzen_adiko@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Психология» мамандығының 3
курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Г.К. Айкинбаева

Спорт – игілікті іс. Спортта мінез–құлық қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар–ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан спортпен айналысқандар бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін.

Назарбаев

Спорт әлеуметтік құбылыс сияқты және адам әрекетінің ерекше түрі ретінде көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Адам әрекетінің, сонымен қатар, спорттың кез келген міндетіне психологиялық компонент тән, сондықтан психика жұмысын нәтижелі ететін психология. Спорттың әр түрі жарысты сәтті өткізу үшін физикалық және психикалық қасиеттердің белгілі бір қалпын талап етеді, бүгін спортсменнің физикалық дайындығы жоғары деңгейде болғандықтан, жарыста жеңу үшін шешуші психологиялық дайындық жоғары болуы қажет. Болашақ чемпиондарды табуға көмектесу, қажетті психикалық қалыптың дамуының алғы шарттарын анықтау – спорт психологиясының міндеті.

Спортсмендердің дайындығы әр түрлі бағытта жүреді, бірақ кейде еріктің жетіспегендігінен немесе өзінің эмоцияларын басқара алмағандықтан көп жылдық жаттығулар нәтижесі түкке тұрмауы мүмкін. Жүйелі түрде психодиагностика жүргізіп, психолог жаттығу үдерісіне белсене қатысса спортсмендердің жеке ерекшеліктерін анықтауға, жеңіске жету үшін қажет психикалық қасиеттерді қалыптастыру мен дамыту мүмкін болар еді.

Үлкен спортта жиі танымал спортсмен айрықша мүмкіндіктердің иегері болады, оларды жүзеге асыру үшін оның бүкіл жарыстық әрекеті немесе команда тактикасы негізделеді. Уақытында психика ерекшеліктерін анықтау және әр жаттығушы қабілетінің дамуының жеке жоспарын, жарыс алды және жарыстық жүріс–тұрыс стратегиясын құру – бұл да спорт психологиясының міндетіне жатады.

Уақытында айтылған сөз, кідіріс, ым-ишара және т.б. қажырлы қарсыластардың тағдырын шешкен сияқты спорт тарихында мысалдар көп. Спорттық психологияда мұндай әрекет үшін дуельден қалған арнайы атау бар – секундтық есептеу. Сондықтан спорт психологы өзі немесе жаттықтырушы мен командадағы жолдастары көмегімен спортсменнің психикасына кішкентай, бірақ шешуші әсер ете алатын адам.

Кез келген спортсменнің кәсіби өсуі дағдарыс жағдайында болады, олар әр түрлі себептерден болады: жаттығудағы сәтсіздік, басқа клубқа ауысу, жаттықтырушының ауысуы, жеке өмірінің жағдайына байланысты және т.б. Спорт психологы спортсменге қиындықтарын шешуге көмектеседі және жаңа спорттық жетістіктерге жету үшін күш беретін ситуациядан шығу жолын тауып бере алады.

Спорт психологиясы адамның жаттығу және жарыс жағдайындағы психикалық әрекет заңдылықтарын қарастырады. Спорт психологиясы психология ғылымының өте жас қолданбалы саласына жатады. "Спорт психологиясы" түсінігі қазіргі Олимпиада ойындарының негізін қалаған Пьер де Кубертеннің мақалаларында алғаш кездескен. 1913 жылы Пьер де Кубертеннің ұйымдастыруымен Лозаннадағы Халықаралық олимпиадалық комитетте өткен спорт психологиясы бойынша арнайы конгрессте ол жеке сала ретінде бөлініп шықты. Осы конгресстен кейін спорт психологиясының мәселелері қарастырыла бастады. 1920 жыл мен 1940 жылдар аралығында олардың зерттеу жұмыстары Германия, АҚШ және басқа мемлекеттерде белсенді жүрді. Бірақ осы кезде спорт психологиясы мәселелері ғылыми жетілмеді.

Спорт психологиясы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қарқынды дами бастады. Себебі бүкіл әлемде спорттық жетістіктер күрт өсті және спорт мәртебесі көтерілді. Бұл әсіресе олимпиада ойындарында және әр түрлі спорт түрлері бойынша әлемдік біріншіліктерде байқалды.

1965 жылы Италиядағы спорттық медицина федерациясының ұсынысымен Римде спорт психологиясы бойынша конгресс ұйымдастырылды. Халықаралық спорт психологиясы қоғамы пайда болды. Осыдан кейін спорт психологиясы халықаралық қолдауға ие болды. Римдегі конгресстен кейін тағы үшеуі өтті: 1968 жылы Вашингтонда, 1973 жылы Мадридте және 1977 жылы Прагада. 1970 жылдан бастап "Международный журнал психологии спорта" атты журнал басылымға шықты.

Халықаралық спорт психологиясы қоғамы құрылғаннан кейін спорт психологиясының аймақтық одақтары құрылды. 1967 жылы спорт психологиясының солтүстік америкалық одағы, 1969 жылы спорт психологиясының Еуропалық ассоциациясы құрылды. Кейін спорт психологиясының ұлттық ұйымдары Канадада, Жапонияда, Германияда, Англияда, Францияда, Бразилияда, Австралияда, және басқа мемлекеттерде құрылды.

Спорт психологиясы бойынша баяндамалар XVIII және XX Халықаралық психологиялық конгресстер, 1972 жылы Мюнхендегі Олимпиадалық ғылыми конгресс және 1974 жылы Мәскеуде өткен "Қазіргі заманғы қоғамдағы спорт" атты әлемдік конгресс бағдарламасының мазмұнында бар.

Қазіргі заманда әлемнің көптеген елдерінде спорт психологиясының ғылыми жетілуі жүруде.

Спорт психологиясының негізгі мақсаты – спортсмендерде және спорттық шеберлік және сапалық командаларында жарыстарға қатысу үшін қажет психологиялық заңдылықтардың қалыптасуын анықтау, сонымен қатар психологиялық негізделген жаттығу әдістері мен жарысқа дайындықты өңдеу. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу керек:

1. Спорттық іс әрекеттің спортсмен психикасына әсерін зерттеу.

- жарыстың психологиялық тұрғыда талданылуы;
- жарыстың спортсменге әсер етуінің сипатын анықтау;
- жарыстың спортсменнің психикасына қоятын талаптарын анықтау;
- жарысты сәтті өткізу үшін қажетті адамгершілік, еріктік және басқа психологиялық сапалардың жиынтығын анықтау;
- жаттықтыру әрекеті жағдайына психологиялық талдау жасау;

2. Спорттық жаттығулардың тиімділігін арттыру үшін психологиялық жағдайларды жетілдіру. Спорт психологиясы спорттық шеберліктің жетілуінің механизмдері мен заңдылықтарын қарастырады.

Бұның бәрі психолог маманнан келесідей ерекшеліктерді талап етеді:

а) спорттық жаттығулардың әдіс–тәсілдерін психологиялық негіздеу;

б) психикалық функцияны дамыту арқылы және жаттығудың аппараттық әдісін жасау арқылы спортсмен ағзасының барлық мүмкіндіктерін максималды қолдана алу үшін жолдарды қарастыру;

в) спорттың жеке түрлерін психологиялық сипаттау әдісін, әлеуметтік құрылым және спорттық команданың психологиялық ахуалын, спорттық мүмкіндіктерді психодиагностикалау әдісін өңдеу;

г) жаттығу жағдайында жарыстық жағдайды ғылыми негізделген модельдеу әдісін өңдеу;

3. Спортсмендердің жарыс алдындағы дайындықтарының психологиялық негізін жетілдіру. Қазіргі уақытта спортсменнің жарыс алдындағы дайындығының мазмұны мен сипаты түбірімен өзгерген. Жарысты сәтті өткізу үшін физикалық және тактикалық дайындықтың жоғары деңгейде болуы жеткілікті емес. Қозғалыс, сенсомоторлы дағдылармен қоса интеллектуалды дағдылар және топтық әрекет дағдыларының маңыздылығы артуда.

Сондықтан жарыс алдындағы дайындықта әр түрлі психикалық процесстер мен қалыптар үлкен мәнге ие болуда. Сондай – ақ психологиялық факторлар мен жарысқа қатысу үшін спортсменді психологиялық дайындаудың рөлі өсуде. Мұндай дайындықтың әдіс – тәсілдері өңдеу – спорт психологиясының негізгі қызметінің бірі. Бұл қызметті жүзеге асыру үшін мыналарды іске асыру қажет:

а) жарыс жағдайында психика қызметінің заңдылықтарын зерттеу және жарыстық әрекеттің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыратын әдістерді өңдеу;

б) жарыс алдындағы және жарыс жағдайында пайда болатын психикалық қалыпты зерттеу;

в) психопрофилактиканы дамыту, спортсменді шынықтырудың психологиялық жолдарын, әдістерін және тәсілдерін қалыптастыру және психологиялық жарақатқа төзімділігін арттыру.

Әр түрлі, кейде қауіпті қарсыластармен кездесетін көпкүндік қиын әрі ынталы жарыстарды сәтті өткізу үшін босшы тек тактикалық, техникалық мүлтіксіз және физикалық дайындығы жоғары болуы жеткіліксіз, оның психикалық саулығы жоғары деңгейде болуы керек. Боксшының психологиялық дайындығы келесілермен ерекшеленеді. Біріншіден, арнайы қабылдаулардың даму деңгейімен: дистанция және соққы беру уақытын сезу, рингте бағдар-лану, реакция жылдамдығы, қарсыласының әрекетін сезе білуі, тактикалық ойлауы, зейіні; екіншіден, спортсменнің психологиялық саулығы.

Спортсмендердің дайындығы әр түрлі бағытта жүреді, бірақ кейде еріктің жетіспегендігінен немесе өзінің эмоцияларын басқара алмағандықтан көп жылдық жаттығулар нәтижесі түкке тұрмауы мүмкін. Жүйелі түрде психодиагностика жүргізіп, психолог жаттығу үдерісіне белсене қатысса спортсмендердің жеке ерекшеліктерін анықтауға, жеңіске жету үшін қажет психикалық қасиеттерді қалыптастыру мен дамыту мүмкін болады.

Спортсменнің психологиялық саулығы тиімді болғанда, ол өз-өзіне сенімді болады, соңына дейін жетуге және жеңуге талпынады, жарыста қойған мақсатына жету үшін бар күшін жияды, айтарлықтай психикалық тұрақтылығы байқалады. Спортсменнің жарысқа дайындығының элементтерінің көрсеткіштеріне талдау жасау барысында Кесте №1 дайындалды.

Кесте 1 Спортсменнің жарысқа дайындығының элементтерінің көрсеткіштері

№	Дайындық элементтері	Мінездемесі
---	----------------------	-------------

1	Өз күшіне мүлтіксіз сену	Өткен жарыстардың шарттарын ескеріп, қарсыласының күші мен өзінің мүмкіндіктерінің байланысын анықтауға негізделген.
2	Жарыстық мақсатқа, жеңіске жету үшін соңына дейін қажырлы күресуге ұмтылу	Спортсменнің мақсатқа бағыттылығынан, мақсатқа жету үшін соңғы сәтке дейін жарыстық күресті жүргізуге дайындығынан байқалады.
3	Эмоционалды қозудың оптималды деңгейі	Эмоционалды қозу жарыстық әрекет жағдайына, спортсменнің индивидуалды – психологиялық ерекшеліктеріне, жарыстың көлемі мен рангіне сәйкес келу керек.
4	Кедергіге қарсы тұра алудың жоғары деңгейі.	Сыртқы және ішкі жағымсыз әсерлерге байланысты көрінеді, әр түрлі кедергілерді сезбеуде немесе олардың жағымсыз әсеріне белсенді қарсы тұруда байқалады.
5	Өзінің әрекетін, сезімдерін, жүріс-тұрысын ырықты басқара алу мүмкіндігі.	Жарыстық жағдайдың кез келген вариативтілігінде спортсмен мақсаттылы шешім қабылдау керек, өзінің әрекеттерін реттеу керек, оларды әріптестерімен үйлестіру керек, өз эмоцияларын басқару және моральды-этикалық нормаларға сәйкес өз жүріс-тұрысын қалыптастыру керек.

Спортсменнің жарысқа психологиялық дайындығы дегеніміз – жарысты сәтті өткізу мүмкіндігі. Психикалық дайындықта өлшеуге және ешқандай жеңіліске берілмейтін ерік пен өз-өзіне сенушілікке үлкен рөл бөлінген. Көптеген спорт психологтары спортсменнің психологиялық дайындығының мәнін оған жарыстың әр түрлі экстремалды жағдайының әсер етуінен, нақты ситуацияда уақытында оптималды шешім қабылдай алу мүмкіндігінен, жағдай мен әрекеттің бірлесуінен, жүріс-тұрыстың үздіксіз бақылануы мен реттелуінен қарастырады.

Жарыс алды дайындық уақытындағы жалпы дайындық кезеңінде әрине жалпы психологиялық дайындыққа көңіл бөлінеді, ал арнайы дайындық кезеңінде – сол жарысқа сай арнайы психологиялық дайындық жүреді.

Қорыта келгенде болашақ чемпиондарды жоғары сапалы дайындау мен табуға көмектесу, қажетті психикалық қалыптың дамуының алғы шарттарын анықтау – спорт психологиясысыз жүзеге асырылмайтыны анық. Спорттық әрекеттің психологиялық мәселелері бүгінгі таңда ең өзекті болып қала бермек. Спорттық әрекеттің негізгі сұрақтарын қарастырғаннан кейін біз оның болашағын елестетуіміз қажет. Олар зерттеулердің дамуының заңдылығымен анықталмайды, олар спорттың өзінің даму заңдылығымен анықталады.

Қолданылған әдебиет

1. Алешков И.А. Опыт психологического анализа спортивной деятельности. – Спорттық әрекет психологиясы жинағынан. М, ВНИИФК, 1978. 287с.
2. Алексеев А.В. О психологической подготовке в спорте. //Человек в мире спорта. Жаңа идеялар, технологиялар, перспективалар: Халықаралық конгресс баяндамаларының тезистері. – М, 1998. Т.2. – 356–357с.
3. Волков И.П. Задачи и формы психологического обеспечения подготовки высококвалифицированных спортсменов к соревнованиям. //Научные исследования и разработки в спорте. – 1994, - №1. -23-27с.
4. Немов Р.С. Психология: Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений: В 2 кн. – М.: 1994. -453с.
5. Спортивный Казахстан // Энциклопедический справочник //Составители: Жолымбетов О, Құлназаров А. - Алматы: «Арыс» Баспа үйі, 2004. -34-38с.
6. Толковый словарь спортивных терминов. //Составители: Суслов Ф.П., Вайцеховский С.М. – М.: ФиС, 1993. -345с.

ОӘЖ 159.9:796

ТЕРРОЛЫҚ АКТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС

Марзен Әділхан Сауатбекұлы

ЕҰУ, 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Террология өзінің мәні мен мазмұны бойынша терроризмнің ерекше әлеуметтік феномені ретіндегі ғылым болып табылады, терроризмнің себебі мен мақсаты, құрылымы, бір жақтылығы, мәні, терроризмнің эскалаторлық құрылысы, және оның жеке көрсетулері мен берілген осы құбылыспен күресу жүйесі. Террология өзінің мәні мен мазмұны бойынша терроризмнің ерекше әлеуметтік феномені ретіндегі ғылым болып табылады, терроризмнің себебі мен мақсаты, құрылымы, бір жақтылығы, мәні, терроризмнің эскалаторлық құрылысы, және оның жеке көрсетулері мен берілген осы құбылыспен күресу жүйесі [1; - 133б].

Бұл ұсыныс мақсаты объект жетекшісіне дұрыс бағытталуына және төтенше және қысылшаң жағдайларда дұрыс әрекет жасауға, сонымен қоса құқық қорғау органдарымен қылмысты тергеуге байланысты шартпен қамтамасыз етуге көмек көрсету.

Объектінің ерекшелігін ескере отырып оның жетекшілері құқық қорғау органдарымен бірлесе төтенше жағдай туындаған кезде міндетті тәртіппен ереже және келесі әрекет жоспарын жасау.

Біріншіден; жарылғыш зат болуы мүмкін, табылған күмәнді зат.

Соңғы уақыттары объектіде сондай заттар кездестіру жағдайы жиіленуде. Оларды кездестіргенде қандай әрекет жасау керек және қалай өзін өзі ұстау қажет?

Мынадай ескерту сипатындағы шаралар ұсынылады:

✓ Объект территориясына кіру және шығуда өткізу режимін күшейту, дабыл қаққыш жүйесін, аудио және видеожазбаларды орнату;